

«КЕЛІСЕМІН»

—
I вице-президент
профессор
М.Куталмыш

«БЕКІТЕМІН»

Кожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
казак-турк университетінің президенті,
профессор
У.Абдибеков
2017 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-086-2017

УНИВЕРСИТЕТТІҢ АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫТЫМ ЖҰМЫСТАРЫН ЖУРГІЗУГЕ АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫ СӨЗ

1. Тәрбие және мәдени істер департаменті тарарапынан ӘЗІРЛЕНДІ және ЕҢГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер
 - Тәрбие және мәдени істер департаментінің директоры Л.Есентаева
 - Ақпарат орталығының басшысы А.Сәдібеков
3. Келісілді
 - Ұйымдастыру және тәрбие ісі жөніндегі вице-президент Б.Қ.Мухамеджанов
 - Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент Н.Т.Ажиханов
 - Фылым және инновациялық істер жөніндегі вице-президент Т.П.Раймбердиев
 - Құқық бөлімінің басшысы А.А.Абсеметов
 - Аккредитация және рейтинг орталығының басшысы Ж.Е.Дарибаев
4. ЕҢГІЗІЛДІ
 - 2018
5. Тексеру мерзімі
 - 2020

Қызметтік колданыс

К.А. Ясауи атындағы Халықаралық
Сапа менеджментінің басшысы
ТЕКСЕРІЛДІ: 07.10.2017
КЕЛЕСІ ТЕКСЕРІЛДІ: 07.10.2017
К.А. Ясауи атындағы Халықаралық
Сапа менеджментінің басшысы
ТЕКСЕРІЛДІ: 13.01.2018
КЕЛЕСІ ТЕКСЕРІЛДІ: 13.01.2018

К.А. Ясауи атындағы Халықаралық
Казак-турк университеті
Сапа менеджментінің жүйесі
ЖҰМЫС ДАНАСЫ
№ 15 от 07.01.2018

<i>Қоңса Ахмет Ясашы атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	<i>YE-XKTU-086-2017</i>
Университеттің ақпараттық-тәныштым жұмыстарының жүргізуге арналған ережесі			8 беттің 2 -ші беті

МАЗМУНЫ

Мазмұны	
1. Қолдану саласы	2
2. Нормативті сілтемелер (сілтемелік күжаттар)	3
3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	3
5. Жалпы ережелер	3
6. Университеттің ayu.edu.kz сайтында жарияланатын материалдарга қойылатын талаптар	4
7. Тілшілер баруға, сайтта жариялануға міндепті емес іс-шаралар	5
8. Ақпараттық материалдардың сайтта жариялануы туралы	5
9. Өзгерістерді енгізу тәртібі	6
10. Келісу, сақтау және тарату Косымшалар	6
А. Танысу парагы	7
Б. Өзгерістерді енгізу тәртібі	7
	8

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-086-2017
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің ақпараттық-тәнтының жұмыстарын жүргізуге арналған ережесі		8 беттің 3 -ші беті

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

- 1.1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің «Университеттің ақпараттық-тәнтының жұмыстарын жүргізуге арналған ережесі» университетті әлемдік деңгейде таныту мақсатында әзірленген.
- 1.2. Осы Ереже университет құрылымының жұмыстарын әлемдік деңгейде таныту мақсатында жұмыс істейтін құрылымдарында міндетті түрде енгізілуі тиіс.
- 1.3. УЕ ХҚТУ-086-2017 Университет ережесі Ахмет Ясауи университеті сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді.
- 1.4. Бұл Ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетті Сенатының 2017 жылы 29 желтоқсанда бекітіліп іске қосылды (№3 хаттама 29 желтоқсан).

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

- 2.1. Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:
 - «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңы;
 - КП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;
 - КП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

- 3.1. Университеттің осы ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылды:
Ахмет Ясауи университеті – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;
ҮЕ – университет ережесі;
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары;
Ереже – Университеттің ақпараттық-тәнтының жұмыстарын жүргізуге арналған ережесі.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

- 4.1. Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университеттің Тәрбие Кеңесі отырысында қаралып, №3 Сенат мәжілісінде бекітілді.
- 4.2. Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университеттің Президенті тарапынан бекітіледі.
- 4.3. Университеттің осы ережесі талантарының енгізілуіне Үйымдастыру және тәрбие ісі жөніндегі вице-президент жаупапты болып табылады.
- 4.4. Университеттің осы ережесі талантарының сапалы орындалуына Тәрбие және мәдени істер департаментінің директоры және Ақпарат орталығының басшысы жаупапты болып табылады.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 5.1. ҚР БАҚ туралы 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңы басшылыққа алынады:
- 2-бап. Сөз, ақпаратты алу және тарату бостандығы
 1. Сөз, шығармашылық бостандығына, өз кезқарастары мен сенімдерін баспа арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыбым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік беріледі. Цензураға тыбым салынады.

<i>Көнсө Ахмет Ясауи атындагы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-086-2017
Сапа менеджментінәң жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің ақпараттық-тәндық жұмыстарын жүргізуге ариалған ережесі		8 беттің 4 -ші беті

2. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

5-тарау. Журналистиң құқықтары мен міндеттері,

20-бап. Журналистиң құқықтары

Журналистиң:

- 1) ақпаратты іздестіруді жүзеге асыруға, сұратуға, алуға және таратуға;
- 2) мемлекеттік органдарға, барлық меншік нысандарындағы ұйымдарға баруына және өзінің қызмет бабындағы міндеттерін жүзеге асыруға байланысты олардың лауазымды адамдарының қабылдауында болуға, жабық шара өткізу туралы шешім қабылданғаннан басқа жағдайда өзін тіркеген орган өткізетін барлық шараларға қатысуға;
- 3) Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, жазбалар, соның ішінде оларды дыбыс-бейне техникасын, кино-фото түсіру құралдарын пайдалана отырып жасауға;
- 4) журналистиң куәлігін көрсету арқылы дүлей апарттар болған аудандарда, митингілер мен демонстрацияларда, сондай-ақ қоғамдық, топтық және жеке мүдделер мен наразылықтарды өзге де білдіру нысандарына қатысуға;
- 5) құжаттар мен материалдардың мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтері бар үзінділерін қоспағанда, олармен танысуға рұқсат алуға;
- 6) альянатын ақпараттың дұрыстығын тексеруғе;
- 7) альянған ақпараттың материалдарды тексеру кезінде мамандарға жүгінуге;
- 8) өзі дайындаған хабарлар мен материалдарға қолын қойып, шартты атын (бүркеншік атын) көрсетіп таратуға;
- 9) материалдың мазмұны редакциялық түзетуден кейін журналистиң жеке сеніміне қайшы келсе, оған өз қолы қойылып жариялануынан бас тартуға;
- 10) авторлық және ақпарат көздерінің құпиясы сottың талап етуімен жарияланған жағдайларды қоспағанда, бұл құпияларды сақтауға құқығы бар.

21-бап. Журналистиң міндеттері

Журналист:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарын басшылықта ала отырып, өзі шарттық қатынастарда тұрған бұқаралық ақпарат құралының қызмет бағдарламасын жүзеге асыруға;
- 2) шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпауға;
- 3) ақпарат ұсынған адамдардың авторлығын көрсету туралы олар жасаған өтініштерді қанағаттандыруға;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін құрметтеуғе;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзіне жүктелген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6. УНИВЕРСИТЕТТІҢ ayu.edu.kz САЙТЫНДА ЖАРИЯЛАНАТЫН МАТЕРИАЛДАРҒА ҚОЙЫЛАТАЫН ТАЛАПТАР

«Ayu.edu.kz» сайты университеттің айнасы, тыныс-тіршілігінің күнделігі болғандықтан, материалдардың мазмұнына, сапасына және салмақтылығына баса назар аударылуы тиіс. Жарияланатын материалдар маңызы бар іс-шаралардан болуы қажет. Сондай-ақ, тың жаңалықтар, елді елең еткізетін ақпараттар, оқырманның қызығушылығын арттыратын, университетті танытатын материалдар жарияланады.

«Ақпарат орталығы» сайтқа қажетті, маңызды оқиғаларды ақпарат (заметка жанры) ретінде жариялады. Әрбір ақпарат З тілге аударылатындықтан, материал көлемі жарты

<i>Қоңса Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-086-2017</i>
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>	
<i>Университеттің ақпараттық-танытм жұмыстарын жүргізуге арналған ережесі</i>		<i>8 беттің 5 -ші беті</i>

беттен (қаріп өлшемі 14, қатар арасы бірлік, А-4 парагында 24 жолдан аспайтын) аспайтын колемде әзірленеді.

Сайтта жариялануға тиісті іс-шаралар:

6.1. Университет деңгейінде өткен үлкен іс-шаралар (Сенат отырысы, халықаралық, респубикалық конференция, симпозиум, мерекелік жиындар және т.б.);

6.2. Қазақстан республикасы және Түркия республикасының Мемлекет және Үкімет басшысының, Мемлекеттік министрлердің, облыс және қала әкімінің, депутаттардың және т.б., күрметті қонақтардың сапарлары;

6.3. Шетелдік және отандық қоғам және мемлекеттік, өнер, спорт, мәдениет қайраткерлері мен лауазымды тұлғалардың сапарлары;

6.4. Халықаралық базалар семинарлары, шетелден және елімізден арнағы шақыртылған галымдар мен профессорлардың шеберлік сынныптары;

6.5. Университет басшылығымен бекітілген іс-шаралар, студенттік клубтардың университет деңгейіндегі ауқымды іс-шаралары (Мысалы: байқау, қызыны, жәрменке, қайырымдылық іс-шаралар және т.б.);

6.6. Халықаралық, респубикалық, облыстық мемлекеттік ұйымдардың ұйымдастыруымен өткен іс-шараларда университет ғалымдарының, өнерпаздарының, спортшыларының, үстаздарының қол жеткізген жетістіктері;

6.7. Сайттың «БАҚ біз туралы» айдарына өзге БАҚ-тарда жарияланған материалдар;

6.8. Факультет деңгейіндегі іс-шаралар (100 қатысушыдан кем емес);

6.9. Ғылыми ашылым, тың өнертабыстар;

6.10. Университет деңгейіндегі президент, вице-президент есептері, ашық тәрбие сағаттары (200 қатысушыдан кем емес) респубикалық, облыстық семинарлар;

6.11. КР Президентінің Қазақстан халқына арнаған Жолдаулары мен Мемлекеттік бағдарламалардың түсіндірме жұмыстары бағытындағы мақалалар баспа тілінде жарияланады. Аудармалары тек аннотациялық үлгіде әзірленеді.

Ескерту!

Университеттегі барлық құрылымдық бірліктердің, Кентау, Шымкент институттары, факультет, кафедра, ФЗИ-дың ағымдағы жұмыстары, есеп, семинарлар, ашық тәрбие сағаттары, тәрбие сағаттары, мәжілістері, жеке тәлімгерлік топ деңгейіндегі іс-шаралар акпарат ретінде берілмейді, журналист-тілшілер мен фото-видео маманы арнағы қатыспайды.

Шымкент медицина институты, Кентау институты, Алматы Еуразия ғылыми-зерттеу институтында өтетін іс-шараларға «Ақпарат орталығы» мамандарының қатысуы міндетті емес (Материал үшін сапалы 3 тб кем емес 10 фотосуретпен қоса электронды үлгідегі мәліметтерді prmedia@ayu.edu.kz электронды поштасына жіберуге болады. Мәлімет алу үшін 87253363813 / 1020 байланыс нөміріне хабарласуға болады).

7. ТІЛШІЛЕР БАРУҒА, САЙТТА ЖАРИЯЛАНУҒА МІНДЕТТИ ЕМЕС ІС-ШАРАЛАР

7.1. Университет құрылымдық бірлік басшыларының студенттермен, магистрант, докторанттармен кездесуі;

7.2. Университет құрылымдық бірлік басшысының қарамағындағы белімдердің беретін есебі;

7.3. Декан сафаты, студент, магистрант, докторанттардың алдын-ала қорғаулары т.б., ағымдық жиналыстар;

<i>Қожа Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-086-2017
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Университеттің ақпараттық-таныттым жұмыстарын жүргізуге ариалған ережесі		8 беттің 6 -ші беті

8. АҚПАРАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ САЙТТА ЖАРИЯЛАНУЫ ТУРАЛЫ

- 8.1. Материалдар сайтта жарияланған уақыттан бастап 12 сағат ішінде аудармалары жариялануы міндettі;
- 8.2. «Ақпарат орталығы» мамандары жарамсыз деп тапқан материалдар жарияланбайды;
- 8.3. Жұмыс күнінің соңғы сағатында (17.00-ден кейін) ұсынылған материалдар келесі жұмыс күнінде жарияланады;
- 8.4. Жұмыс күнінің соңғы сағатында (17.00-ден кейін) өткен іс-шаралар келесі жұмыс күні жарияланады;
- 8.5. Ишара өткеннен соң 2 тәуліктен кеш ұсынылған материалдар жарияланбайды;
- 8.6. Сырттан келген әрбір материалдың ішіндегі накты деректері (кісі аты-жөндері, жер, су аттары, уақыты, тақырыптар және т.б.) қате берілген жағдайда, ол үшін «Ақпарат орталығы» жауапты болмайды.

9. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

- 9.1. Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.
- 9.2. СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парагында» тіркелуі тиіс. (Қосымша Б).

10. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

- 10.1. Осы университет ережесін талқылау және келісу Тәрбие Кеңесі отырысында және Сенат мәжілісінде жүзеге асырылады және хаттамамен ресімделеді.
- 10.2. Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және колданушыларға жіберу жауапкершілігі Ақпарат орталығының басшысына жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары келесі адрестер бойынша жіберіледі: Вице-президенттер, факультет декандары, ғылыми-зерттеу институтының директорлары, кафедра менгерушілері.
- 10.3. Осы университет ережесінің бақылау данасын Аккредитация және рейтинг орталығында сақтау жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

КЕЛІСІЛДІ

Оқу-әдістемелік ісі бойынша
вице-президент

Н.Т.Ажиханов

Ғылым және инновациялық істер
жоніндегі вице-президент

Т.П.Раимбердиев

Ұйымдастыру және тәрбие істері жоніндегі
вице-президент

Б.Қ.Мухамеджанов

Құқық болімінің басшысы

А.А.Абсеметов

Аккредитация және рейтинг орталығының басшысы

Ж.Е.Дарибаев

<i>Коңза Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>	<i>Университет ережесі</i>	YE-XKTU-086-2017
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университеттің ақпараттық-таныттым жұмыстарының жүргізуге арналған ережесі</i>	8 беттің 7 -ші беті

ҚОСЫМША А

Танысу парагы

Ф-СМБ-004

<i>Көжі Ахмет Ясави атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті</i>	YE-XKTU-086-2017
<i>Сапа менеджментінің жүйесі</i>	<i>Университет ережесі</i>
<i>Университеттің акпараттық-таныттым жұмыстарының жүргізуге арналған ережесі</i>	8 беттін 8 -ші беті

ҚОСЫМША Б

Ф-СМБ-002

Өзгерістерді тіркеу парагы